

## Қарасай ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 22 қантардағы № 38 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылды 12 ақпанда № 4521 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қарасай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Қарасай ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. "Қарасай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға Қарасай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарға жолдауын;

4) осы қаулыны Қарасай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Нұржан Алмабаевич Сатубековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарасай ауданының әкімі

M. Бигельдиев

Қарасай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 22 қантар  
"Қарасай ауданында қоғамдық тәртіпке қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін және оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" № 38 қаулысына қосымша

## **Қарасай ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Қарасай ауданының Ішкі істер басқармасының ұсынысы бойынша қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледеу мәселелерін Қарасай ауданының Әкімдігімен құрылған комиссия қарайды.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермеледеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермеледеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, әдетте 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша Ішкі істер басқармасы бастығының бүйреки шығарылады.